

ЭКОНОМИКА

И БИЗНЕС

УДК 339.1 (574)

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ТӨТЕП БЕРУ – НАРЫҚТЫҚ ЗАМАН ТАЛАБЫ

МЕРЕНБАЕВ Ж.М.

АҚ “Алматы технологиялық университеті”

Қазіргі нарықтық экономика заманында әр адамның, кәсіпорынның және елдің деңгейі оның бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерімен сипатталады. Өз кезегінде бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері білім деңгейімен, яғни адам капиталымен анықталады.

1 997 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деген тақырыптағы халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді. Бұл стратегия еліміздің ұзақ мерзімді даму жолын айқындап, мемлекетіміздің ары қарай дамуы, өркендеуі үшін көп септігін тигізді. Қабылданған «Қазақстан – 2030» стратегиясы 3 кезеңге бөлінді, яғни «Стратегиялық жоспар – 2010, – 2020 және – 2030».

«Стратегиялық жоспар – 2010» – бәсекеге қабілетті экономика құру, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту жөніндегі міндеттерді белгіледі. Ал, Республикамыздың 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бағыттарының бірі – әлемдік дағдарыстан біршама қуатты және бәсекеге қабілетті, экономикасы әртараптандырылған және халқы белсенді түрде жаңа экономикаға тартыла отырып шыныққан елге айналу болып табылады [1].

2020 жылға қарай Қазақстан ел экономикасының шикізат емес секторына елеулі шетелдік инвестиция тартуға мүмкіндік беретін қолайлы іскерлік ахуал қалыптасқан әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қатарында болады деген сеніммен бәріміздің бойымызда әлемдік бәсекеге төтеп берерліктей кәсіпкерлік тұлғалық қабілетті қалыптастыруға дағдылануымыз ләзім.

Бәсеке – нарық экономикасының негізгі құралы болып саналады. Сондықтан да, Республикамызда бәсеке негізінде ең алдымен ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. И.Шумпетер, М.Портер, Р.Солоу зерттеулерінің нәтижелері

негізінде бәсекеге қабілеттіліктің мазмұны тереңдетіліп, көптеген елдерде әлеуметтік саясаттың бағыты да өзгертіліп келеді. Соның нәтижесінде, ел экономикасын көтеру үшін тек қана жер байлығына сүйенбей, адамның жеке басының қабілеттілігін, оның жасампаздық қасиеттерін арттыруға ерекше көңіл бөлу қажеттігі ескеріле бастады [3]. Сол себепті, Елбасымыз «Болашақшылармен» кездесіп, ұсынған «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасының мәні зор екендігі көрініп отыр. Осы жоба арқылы біз халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы тұлғалар тәрбиелей аламыз. Әлемдік экономика тұрғысынан талдап қарасақ, дамыған елдердің ұлттық байлығының 5%-ы ғана оның табиғи ресурстарынан құрылса, ал қалған 18%-ы өндірілген капиталдан, 77%-ы адам капиталынан, яғни білімі мен іскерлігінен түзеледі екен. Ендеше, өркениетті мемлекеттердің экономикасы интеллектуалды потенциалға негізделіп дамып келеді. М.Портердің «бәсекеге қабілеттілік теориясы» бойынша, мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үш топқа бөлінеді: бірінші топтағы елдерге, ІЖӨ жан басына шаққанда жылына 17 мың АҚШ долларынан асатын мемлекеттер жатады; екінші топқа – ІЖӨ 3-9 мың АҚШ доллары, ал үшінші топқа – 3 мың АҚШ долларынан келетін елдер кіреді. Біздің елде бұл көрсеткіштің өсуі жыл сайын орташа 8,5%-ды құрап, 2008 жылы өзінің алғашқы мәнінен 2,3 есе асып түсті. Демек, Қазақстан «үшінші дүние» елдері қатарынан шығып, бәсекеге қабілетті жаңаша «парасатты экономиканы» дамыту жолына түскен елге айналды. Осы заманғы бәсекеге қабілеттілік қасиет ғылыми жетістіктерге, инновациялық технологияларға, сапалық оқуға, жаңа білімге негізделіп дамытылып келеді, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Сондықтан, көптеген елдер бәсекеге

қабілетті қоғам үшін адам ресурстарын дамыту, әсіресе оның қабілетін арттыру сияқты арнайы бағдарламалар қабылдауға кірісті. Демек, бәсекеге қабілетті интеллектуалды күш – жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды.

Еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық экономикаға көшкелі бері экономикамыздың өрлеуіне, әсіресе шағын және орта бизнесті дамыту үшін көптеген жағдайлар жасалуда. Өйткені, шағын және орта бизнесті көтеру арқылы бүкіл әлемдік бәсекелестікке төтеп бере аламыз. Қазіргі кездегі нарық экономикасының құралы – бәсеке, ал нарықтық процесті дамытушы күш – кәсіпкер деп саналады. Осы мағынада бұл мәселелерді жан-жақты саралауға профессор Ә.Қалмырзаевтың мақаласында жаңаша бағытта бірқатар ерекше әрекет жасалынған. Ұлттық идеяны жасаудың өзекті арқауы ретінде Ә.Қалмырзаев шағын және орта бизнесті дамытып, соның негізінде еліміздегі кедейшілік пен жұмыссыздықты жоюды қажет деп санайды.

Қазақстан Республикасының әлемнің ең қолайлы бизнес-климаты бар, бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің санатына енуі туралы ұлтымыздың ұлы идеясына айналған стратегиялық мақсаттарды іске асыру тұрғысында үкіметтің арнайы бағдарламасы жасалынды. Үкіметтің осы бағдарламасында белгіленген іс-қимылдардың бірі – өңірлік әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларды дамытуға ерекше назар аударылды. Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар еліміздегі шағын және орта бизнес ортасына басқару мен өнім сапасының халықаралық стандарттарын, маркетингтік технологияларды енгізіп, шағын және орта бизнестің өнімдерін ұлттық және экспорттық нарыққа шығаруды қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде, еліміздің бәсекелестік деңгейі көтеріліп, қабылданған стратегияның жүзеге асуы үшін қажетті жағдайлар жасалатын болады.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметті дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған жағдайлар жыл сайын жақсаруда: Президент ел Үкіметіне 2010 жылдан бастап аймақтарда кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бірыңғай бюджеттік бағдарламаның енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырып, ол құжатты «Бизнестің жол картасы – 2020» деп атауды ұсынды. Бұл бағдарлама кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар, мемлекет басшысы Үкіметке 2011 жылы бизнесті тіркеуге байланысты операциялық шығындарды 30 пайызға дейін қысқартуға, 2015 жылға қарай тағы да 15 пайызға дейін төмендетуге тапсырма берді. «Әр онжылдық сайын ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 40 пайызға дейін артып отыру керек», – деді Президент. Сондай-ақ, Қазақстан инвестициялар үшін де өңірдегі барынша тартымды 20

елдің қатарына қосылып отыр. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Орта Азияға келген барлық шетелдік инвестициялардың 80 пайыздан астамы Қазақстанда шоғырланған. Қазақстан экономикасына бүгінде өзінің қаржы ресурстарын әлемнің 60-тан астам елі бағыттап отыр. Мұның бәрі еліміздегі іскерлік ортаны жетілдіріп, кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар туғызып келеді [5]. Шағын бизнес дамыған елдерде барлық инновациялардың 50 пайызынан астамын және жұмыс орындарының 70 пайызын қамтамасыз етеді. Сол үшін, шағын және орта бизнестің бәсекелестік қабілеттілігінің артуына, оның елімізде дамуына барлық жағдайлар қамтамасыз етілген.

Бәсекеге қабілеттілік – өркениетке өрлеудегі жаһандық тың қозғалыс, әлем елдері арасындағы күрделі құбылыс, шаруашылықты шалқыту жүйесіндегі экономикалық серпінді секіріс, молшылыққа қол жеткізер ұмтылыс, әр кімді ширатар намыс [2]. Дамыған елдерде бәсекеге қабілеттілік көптен бері күн тәртібіне қойылған ұлттық идеяға айналған. Еуропа экономикасының бәсекеге қабілеттілігін ең жоғары дәрежеге жеткізу туралы Еуро Одақ 2001 жылы арнайы шешім шығарды. Енді қай елдің болса да дүние жүзіндегі орны оның бәсекеге қабілеттілігіне қатысты анықталатын болады. Мұндай «аламан бәйгеде» басқадан қалып қалмас үшін үйреншікті қазақы пысықтық пен ептілікті творчестволық және бәсекелестік қабілеттілікпен толықтыруымыз тиіс. Заманымыздағы бұл ерекшелік қасиеттер, творчестволық қарекет пен кәсіпкерлік бәсекелестікке бейім кәсіпкер тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс [4].

М.Портердің бәсекелестік қабілеттілік теориясы мен тұжырымдамасында көрсетілген факторларға сүйеніп, әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингі Швейцарияда, яғни Лозаннадағы халықаралық менеджмент институтында анықталады. Осы институтта анықталатын рейтингтің алдыңғы қатарына, дәлірек айтсақ, өркениетті дамыған, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарында көріну үшін бәріміз еш біліміміз бен творчестволық қабілетімізді аямай жұмыла ат салысуымыз қажет. Себебі, «Білім – ел мен халыққа пайда әкелгенде ғана күш» (Ф.Бекон)!

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылға 1-ақпанындағы №922 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары». «Егемен Қазақстан», 12 ақпан 2010 жыл.
2. Құдайқұлов М.Ә., ж.б. Нарықтық педагогика негіздері: студенттер мен мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. Құдайқұлов М.Ә., Құдайқұлов С.М., Мәмбеталиев Т.М. /Алматы, 2007. – 276 б.

3. Сағадиев К. Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек. «Егемен Қазақстан», 9-сәуір 2004 жыл.

4. Назарбаев Н.Ә. Инвестициялық тартымдылық – бәсекеге қабілеттілік қасиеті. «Егемен Қазақстан», 9-маусым 2006 жыл.

5. Құдайқұлов М.Ә., Демеуова Л.Н., Меренбаев Ж.М. Нарықтық оқытудың жүйесі мен технологиясы. Алматы, ҚазҰПУ, 2010. -152 б.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время в рыночной экономике конкурентоспособность каждого человека,

предприятия и страны характеризуется его показателями. В свою очередь показатели конкурентоспособности – уровнем знания, то есть капиталом человека.

RESUME

This article is about, at present in market economies competitiveness each person, enterprises and country is characterized his (its) rates of competitiveness. In turn rates of competitiveness level of the knowledge that is to say capital of the person.